


## ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ ЕТЕТІН МЕМЛЕКЕТ

### EGOV.KZ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРҒА БАРЛЫҒЫ ОҢАЙ, ТҮСІНІКТІ ЖӘНЕ ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛДЫ МА?

*Электронды үкіметтің – мемлекеттік билік органдары мен халық арасындағы цифрлық өзара іс-қимыл ұйымының мүмкіндіктерін пайдалану туралы қазақстандықтардың сауалнама нәтижелерін ұсынамыз.*

**Сауалнамаға қатысқан азаматтардың жартысына жуығы Электронды үкімет қызметтерін біледі және пайдаланады (46,3%).** Жас аясында – респонденттер қаншалықты жас болса, электронды үкімет порталын соншалықты жиі пайдаланады: 53,9% – 18-44 жастағы респонденттер; 40,3% – 45-60 жас аралығында; 19,1% – 61 жастан бастап және одан жоғары. Осы санаттағы респонденттердің арасында ауыл тұрғындарына қарағанда қала тұрғындары жиі (50% және 40,8%), жоғары білімі бар респонденттер (59%), ал өңірлер аясында Электронды үкімет қызметтерін Шымкент (96,8%), Алматы қ. (64,7%), Қызылорда (64,6%), Павлодар (62,7%) және Қостанай (60,7%) облыстарының тұрғындары жиі қолданады.



1-сурет. Сіз egov.kz электронды үкіметінің Интернет-порталы туралы білесіз бе?

Респонденттердің басым көпшілігі E-Gov мүмкіндіктерін **мекенжай анықтамасын және т.с.с. алу** үшін пайдаланады (**86,4%**).

**Әрбір бесінші респондент Электронды үкімет порталы арқылы түрлі төлемдерді – салықтарды және т.с.с. төлейді.** Тек қана әрбір оныншы респондент ашық деректерді қолданады, сауалнама алынғандардың 2,7%-ы ғана заң жобаларына дауыс береді. Меморгандар басшыларының жеке блогтарына респонденттердің 3,4%-ы жүгінеді.



2-сурет. Сіз egov.kz электронды үкіметтің қандай қызметтері мен сервистерін қолданасыз?

#### Зерттеу әдістемесі:

**Сауалнама әдісі** – маршруттық квоталық іріктеме негізінде тұрғылықты мекенжайы бойынша респондентпен сұхбат. Іріктеме – республикалық маңызы бар 3 қала және 14 облыстағы 59 қалалық елді мекен және ауылдық жерлердегі 18 жастағы және одан асқан 2000 респондент. Статистикалық қателік 3,5%-дан аспайды. **Өткізілу мерзімі** – 2019 ж. қыркүйек.